



Саяхат және миграция

ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ • БАҒЫТ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР • САЯХАТ ЖӘНЕ МИГРАЦИЯ

1-бөлім: Миграция

• “Миграция” дегеніміз не?

Құстардың немесе жануарлардың қоныс аударуы туралы естіген боларсыз, сол сияқты адамдар да көшеді. Миграция – адамдардың бір жерден басқа жерге орын ауыстыруы. Жалпы алғанда, бұл біраз уақытқа созылады (айлар немесе жылдар), және тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін.

Демографтар (халықты зерттеушілер) миграцияны бірнеше түрге бөледі. Кейбір миграциялар мәжбүрлі түрде болады, енді біреулері ерікті түрде орын алады. Кейбірі елдің өз ішінде болады, қалғандары басқа елге көшуді қамтиды. Өзіңіз басқа елге көшкен адамдарды не сыныбыңызда басқа елде туылған оқушыларды білетін шығарсыз; тіпті, мүмкін, өзіңіз де мигрант боларсыз. Географтарды ауылды жер мен қала, нашар дамыған ел мен жоғары дамыған елдер арасындағы көші-қон, оның себептері мен салдарын зерттеу қызықтырады. Олар миграцияның орын алу себептерін түсіндіретін бірқатар теорияларды тұжырымдаған.

Қосымша сұрақтар

C1. Әрбір адам мигрант па?

Әрқайсымыз күн сайын қысқа мерзімді қозғалыстарға қатысамыз. Жұмысқа не мектепке барамыз, достарымыздың үйінде не сауда орталықтарында уақытымызды өткіземіз. Кешке қарай үйге ораламыз да, ертеңіне өз саяхатымызды қайталап, қайта жалғастырамыз. Бұл миграциядан гөрі айналымға көбірек жақын. Көпшілігіміз өміріміздің бір сәтінде қоныс аударуымыз мүмкін, бұл үйлену, ары қарай білім алу, отбасыны тастап, сыртқа кету немесе жаңа жұмысқа ауысу сияқты өміріміздегі маңызды оқиғалармен байланысты. Кейбір елдерде адамдар зейнетке шыққан кезде, медициналық көмекке жақын немесе климаты жылы жерлердегі кішірек үйге көшуіне байланысты да миграция орын алады.

C2. Адамдар бұрынғыға қарағанда мобильді бола түскен бе?

Қоғамдық көліктер құнының арзандауы және көлік иеленушілер санының артуы нәтижесінде халық мобильді бола түскен. Мобильділікті жеке таңдауға сүйенетін фактор десе де болады, адамдар бұрынғыға қарағанда өзге жерлер туралы көбірек ақпаратқа ие. Технологиялар адамдарға басқа жерлерді “көруге”, ғылыми мектептер мен жергілікті жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін анығырақ зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, соңғы он жылдықтарда жанжалдар мен табиғи апаттар саны артқандықтан, босқындардың да саны өсе түсті. Ал климаттың өзгеруі жауын-шашынның “қалыпты” тәртібін бұзатындықтан, болашақта жер бетіндегі қозғалыстар бұдан да көп болуы мүмкін.

C3. Әлемдегі адамдардың негізгі қозғалыстары қандай?

Еуропалық Одақтың кеңеюі мен 2004 жылы А8 елдерінің қосылуына байланысты, соңғы онжылдықта Еуропаға көшу және Еуропа ішіндегі көші-қон саны артты. Жұмысқа байланысты орын ауыстыратын экономикалық мигранттар сол кезден бастап арта түсті, ал бұл жалпы халықпен қатар, мектептегі оқушылар санына да әсер еткен. АҚШ пен Мексика тәрізді негізгі шекаралар орын ауыстыру нүктесіне айналды, ал Қытайда ауылдан қалаға көшу кең етек алуда.



Жыл сайын мыңдаған мигранттар
Сахара шөлін кесіп өтеді

• Ұсынылатын фильм

- Әлемдегі қоныстану: Миграция

• Ұсынылатын жаттығулар

- Оқушыларға өз сыныбындағы оқушылардың қанша пайызы өздері туылған немесе туылғаннан кейін қайтып барған үйлерінде әлі күнге дейін тұрып жатқаны туралы зерттеу жасауды тапсырыңыз. Әртүрлі топтарды салыстырып, өздерінің тобына сәйкес келетін орташа мәнді анықтасын. Одан кейін осы сұрақты ұстаздардан сұрасын; оқушыларға қарағанда ұстаздардың қаншалықты “мобильді” екенін анықтасын.

– Оқушыларға мигранттарды өз еліне көп кіргізетін елдерді анықтауды тапсырыңыз. Олардан осы елдер арасында мұндай байланыстардың нәліктен орнап жатқандығын сұраңыз.

• Адамдар не үшін көшеді?

ДИАГРАММА 01:

Миграция: Итеруші және тартушы факторлар
 ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ • БАҒЫТ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР • САЯХАТ ЖӘНЕ МИГРАЦИЯ

Итеруші факторлар	Тартушы факторлар
Жұмыссыздық	Жұмыс мүмкіндігі
Қызметтер мен керек-жарақтың болмауы	Қызметтер мен керек-жарақтың ұсынылуы
Қылмыстың жоғары деңгейі, қауіпсіздіктің жоқтығы	Қауіпсіз қоршаған орта
Қуаңшылық және егіннің өнімсіздігі	Азық-түлікпен жақсы қамтамасыз етілу және құнарлы топырақ
Кедейшілік	Байлық
Табиғи апаттар	Табиғи апаттардың аз болуы
Соғыстар мен саяси келеңсіздіктер	Саяси тұрақтылық

Адамдар түрлі себептерге байланысты көшеді. Мұны түсіндірудегі себептерді “итеруші” және “тартушы” факторлар деп бөлуге болады. Итеруші факторларға адамдарды аймақтан көшуге мәжбүрлейтін азық-түлік жетіспеушілігі, құрғақшылық, жұмыстың болмауы тәрізді факторлар жатады. Ал тартушы факторларға адамдарды басқа жерлерде қызықтыратын факторлар жатады, бұлар итеруші факторларға қарама-қайшы болуы мүмкін. Негізгі факторларға өмір сапасын арттыру мүмкіндіктері, әсіресе мигранттарды балаларына ашылатын мүмкіндіктер қызықтырады, және жұмысқа орналасу мүмкіншілігінің артуы жатады.

Кез-келген адамға миграциялық таңдау жасау мүмкіндігі берілмеген. Кейбір адамдардың таңдауы болмай, елді тастап кетуге мәжбүр болады. Мұнда да итеруші және тартушы факторлар болуы мүмкін, алайда олардың шешімге еш әсері болмайды. Мәселен, басқа елдерде баспана іздеп жүрген босқындар өз елдерін мәжбүрлі түрде тастап кеткен.

Қосымша сұрақтар

С4. Заңсыз иммиграция дегеніміз не?

Кейбір елдер адамдарды өз елдеріне белгілі бір ережелер мен квоталарға сәйкес келсе ғана кіргізеді. Өз елінің шекарасынан шыққан, әсіресе жұмысқа тұруды мақсат еткен адамдардың керекті ресми құжаттары мен визасы болуы қажет. Кейбір адамдар мұндай құжаттарсыз шекараларды кесіп өтіп, билік өкілдерінен қашумен болады, бұлар – “заңсыз иммигранттар”. Ал енді біреулері ресми виза алып, заңды түрде баспана іздейді, бірақ визаның мерзімі аяқталса да, сол елде қала береді.

С. Заңсыз миграцияның пайдасы мен зияны қандай?

Заңсыз мигранттар көбінесе төмен жалақы алып, нашар жағдайларда жұмыс істейді. Заңсыз санатына байланысты, олардың құқықтары қорғалмайды. Сондықтан, әділетсіз түрде еңбектері қолданылып, көп сағат жұмыс істеуге тартылып жатса да, олар ешкімге шағым түсіре алмайды. Кейбір бизнес орындары төмен жалақы әсерінен пайда табады, олар салық пен зейнетақы жарналарын төлеуден жалтарады, бұл өз кезегінде еңбек күшін әділетсіз қолдану болып табылады. Мигранттар көбінесе аз төленетін жұмыстарда, мәселен, тамақ өнеркәсібінде немесе тазалау қызметінде істейді. Бұл, әрине, сол елдегі жұмыс іздеушілерге аз ғана мүмкіндіктің болатынын және үлкен әлеуметтік теңсіздікке алып келетінін көрсетеді. Барлық мигранттардың 10%-ы заңсыз екені анықталған.

• Ұсынылатын фильмдер

- Әлемдегі қоныстану: Миграция
- Қытайдағы жаппай миграция
- Заңсыз миграция: Сахараны кесіп өту

• Ұсынылатын жаттығу

Үлкен масштабты қозғалыстардың әсерінен жердің басқа бөлігінде өмір сүретін түрлі топтар бар. Оқушыларға осы мигранттық қауымдарды көрсететін әлем картасын жасауды тапсырыңыз.

Қосымша сұрақ**С6. Заңсыз мигранттар анықталған кезде не болады?**

Елдердің көпшілігінің шекаралық агенттігі, немесе соған ұқсас бөлімі болады, олар осындай жағдайларды тексереді. Егер АҚШ-та заңсыз мигранттар анықталса, алдымен тұтқындалып, кейін оларды депортациялайды (өз елдеріне қайтарады). Кейбір мигранттар “саяси баспана” іздеуді жалғастырып, өз елдеріне оралуды қауіпсіз емес деп санайды. Ал Ресейдегі заңсыз иммигранттар тұтқында ұсталады.

• Әлемдегі адамдар қатысатын негізгі миграциялар қандай?

Жануарлар миграциясының кейбірі миллиондаған дараларды қамтып, әдемі көрініс береді. Адамдардың миграциясы мұндай анық болмайды, алайда кейбір жағдайларда үлкен масштабты қамтуы мүмкін. Адамдар арасында көптеген уақытша жиналымдар болып тұрады, және ең көп адам жиналатын шара ретінде Үндістанда өтетін Кумбха Мела деп аталатын діни шараны атауға болады, оған бірнеше күннің ішінде 50 миллионнан астам адам жиналады.

Мұсылмандар өмірлерінде бір рет болсын Меккеге қажылыққа барады деп күтіледі, бұл әлемдегі ең ірі жалпы халықтық қозғалыстың бірін тудырады. Қытай қалаларынан шыққан адамдардың Қытайлық Жаңа жылға қарай өз отбасыларына қайтуы да үлкен қозғалыс тудырады, бұл – қытайлық адамдар үшін өз отбасыларымен болатын бірден-бір мүмкіндік.



Адамдардың көбісі саяси себептерге байланысты көшеді

Қосымша сұрақтар**С7. Діннің миграцияның қозғаушы күші ретіндегі маңыздылығы қандай?**

Адамдардың ірі қозғалыстарының көпшілігі діни мерекелермен байланысты. Сауд Арабиясындағы Меккеге жасалатын қажылық – әрбір мұсылманның өмірінде бір рет болса да орын алуы тиіс оқиға. Бұл кезде қажылыққа келгендерге арналып шатыр тігіліп, үлкен қалашық пайда болады. Құрбан айт пен Ораза айтта адамдар өз отбасымен бірге болуға талпынатындықтан, адамдардың қозғалысын тудырады. Бұлар уақытша миграцияға жатады. Тарихта дін диаспораның қозғаушы күші болды: ол кезде мұсылмандар өздерінің отандарынан алысқа шашырап кетті. Бұл қозғалыстар бірнеше онжылдықтарға созылатын қозғалыстарды тудыруы мүмкін.

С8. Миграция баяулай ма әлде көбірек таралады ма?

Соңғы онжылдықта миграция мобильділік пен әлеуметтік теңсіздіктің өсуінен арта түсті. Бұл болашақта да жалғасуы мүмкін, Еуропалық Одақ тәрізді сауда блоктарының дамуы нақты аймақтар ішінде миграция жасауға мүмкіндік беруін жалғастырады, сонымен қатар, мигранттардың сырттан ішке енуіне ынталандырулар да жасайтын болады. Экономикасы дамыған елдер өмір сүру жағдайы нашар адамдарды қызықтырады.

• Ұсынылатын фильмдер

- Әлемдегі қоныстану: Миграция
- Қытайдағы жаппай миграция
- Заңсыз миграция: Сахараны кесіп өту

Қосымша сұрақ

С9. “Саяси баспана” іздеушілер, босқындар және экологиялық босқындар деген кімдер?


“Саяси баспана” іздеушілер – өз елдерін тастап шығып, басқа елдің үкіметінен баспана мен өзін қорғауды сұрайтын адамдар. Ал босқындар – өз елдерінен қашып шығып, жасаған қылмыстары үшін жазадан қорқып, елдеріне орала алмай жүргендер.

Болашақта экономикалық себептерден гөрі экологиялық себептерге байланысты миграциялар орын алады деген болжам бар. “Экологиялық босқын” деп қоршаған ортаның үлкен өзгерістерге: шөлге айналу, ормандардың жойылуы не құрғақшылық тәрізді апаттарға ұшырауына байланысты өз елдерін тастап шыққан адамдарды айтамыз. “Климаттық босқындар” ұғымы да қолданылады, себебі босқындардың елдерін тастап шығуы климатқа да байланысты орын алады. Тынық мұхитындағы Картерета аралынан адамдардың алғашқы толқыны көшіп үлгерді. Арктикадағы теңіз мұзының еруі эрозияға ұшырау деңгейі жоғары көп жағалық қауымдастықтарға да қауіп төндіруде, сондықтан мұндағы халық та көшуі мүмкін. Түсетін ылғал мөлшерінің өзгеруі жаңа шөл аймақтарын тудыруы мүмкін, нәтижесінде халық бұл жерлерден де қоныс аударуы мүмкін.

2-бөлім: Халық санағы

• Мигранттар көшіп кеткен (және көшіп келген) елдер үшін миграцияның маңыздылығы қандай?

Миграция – оңай қабылданар шешім емес. Өз елдерін тастап кететін адамдар өз қабілеттерін қоса ала кетеді, жақсылап жайласқаннан кейін өз отбасыларын да көшіреді. Әсіресе, білімі мен бағалы қабілеттері бар адамдар мобильді болады, “ақылдың сыртқа ауысуы” ұғымы бұрынырақ та, арнайы білімі мен қабілеттері бар адамдардың тобы жақсырақ жалақы мен жұмыс жағдайлары үшін шетелге кеткенде қолданылған болатын. Олар көп жағдайларда жас адамдар болып келеді, олар халық пирамидасын өзгертіп, елдің экономикалық жүйесіне әсер етеді. Мұның бір пайдалы тұсы – мигранттар үйлеріне қарағанда сыртта көбірек ақша таба алады, сондықтан олар өздерінің тапқан табысының бір бөлігін үйіне жіберуі мүмкін. Филиппин тәрізді елдерде бұл табыс – ел экономикасының маңызды бөлігі.



Санақ арқылы жиналған халық туралы мәлімет

Қосымша сұрақ

С10. Мигранттар қандай жұмыс түрлерін істейді?

Мигранттар көбінесе “көзге көрінбейтін” және аз ақша төленетін, қала қажеттілігіне жарайтын жұмыстарды істейді. Еуропалық Одақ мигранттары арасында жүргізілген сауалнама негізгі жұмыс көзі өнеркәсіп (зауыттағы жұмыс орындары) екенін көрсетті. Қойма жұмысшылары мен тазалаушылар, фермаларда жұмыс істейтіндер мен даяшылар да көп кездеседі. Алайда, Ұлыбританиядағы заңды мигранттар үшін өнеркәсіптің түрлі салаларында жақсы төленетін жұмыс орындары да бар. Сонымен қатар, жоғары деңгейлі мигранттар – атақты әртістер мен саясатшылар да өздері туылмаған елде табыс тауып, өмір сүріп жатыр. Болашақта мигранттар үшін маңызды жұмыс көзі қарт адамдарға қарау болуы мүмкін, себебі халық қартайып жатқандықтан, оған сұраныс та артуы мүмкін.

• Ұсынылатын фильм

- Санақ: Халық санағы

• Ұсынылатын жаттығулар

– Оқушыларға өздері туылмаған елде өз имиджін жасап, табыс тауып жүрген әртістер, спортшылар мен саясатшылар туралы зерттеу жүргізуді тапсырыңыз.

– Оқушыларға ұпайлар жүйесіне сүйенетін, Австралияға мигрант ретінде енуге болатын жүйені зерттеуді тапсырыңыз.

Егер оқушылар көшкісі келсе, ол жерге өзін және отбасын көшіре ала ма? Олар үшін эмиграцияға итермелейтін тарту және итеру факторлары қандай болмақ?

Қосымша сұрақ


C11. Мигранттардың көпшілігі сол жерде қала ма әлде өз елдеріне қайта ма?

Мигранттардың көпшілігі жаңа өмір бастап, уақыт өте оларды қабылдаған елдің азаматына айналуы да мүмкін. Әлемде мигранттардың екінші, үшінші ұрпақтары да бар: бұл мигранттардың балалары мен немерелері ата-аналарының таңдауымен осы елдерде туылған. Дәл осы мигранттар өздері тұратын жерді мәдени жағынан толықтырады.

Барлық адам сәтті қоныстана бермейді. Кейбір ауыл-қала мигранттары өздерін жаңа өмірдің қармағына түсіп қалғандай сезінеді, әсіресе жаңа жерге ену үшін делдалдарға көп ақша көлемін төлеген кезде осындай сезімде болады. Германиядағы Сенегал мигранттары арасында жақында жүргізілген сауалнама олардың өздерінің жаңа өміріне көңілдері толмайтындығын, “үйде қалғанымызда қандай жақсы болар еді” деп өкінетіндігін көрсетті.

• Халық санақтары әлі де жүргізіле ме?

ДИАГРАММА 02:



Дамыған елдердің көпшілігі тұрақты және ұйымдастырылған халық санағын жүргізеді. Ұлыбританияда халық санағы 1801 жылдан бері, Екінші Дүниежүзілік соғыс сияқты ірі оқиғалар кезін еске алмағанда, әрбір 10 жыл сайын жүргізілуде. Санақ қағазындағы сұрақтар үкіметтің алдында тұрған маңызды мәселелер мен болашақта қаржыландыру жүргізілетін басым бағыттарды анықтау үшін пайдаланылады. Олар арқылы халықтың дұрыс білім алмауына, жұмыссыз болуына немесе стандарттарға сәйкес үйде тұрмауына байланысты орын алуы мүмкін әлеуметтік депривацияны анықтауға болады. Сонымен қатар, халық санағы уақытша көп жұмыс орындарын ашады, себебі формаларды қалай толтыру керектігін көрсетіп, көмектесетін, тексеретін көп адам қажет болады. Алынған мәліметтердің көпшілігі тек үкіметтің пайдалануында және қарапайым халыққа тек 100 жылдан кейін ғана қолжетімді болады.

• Ұсынылатын фильм

- Санақ: Халық санағы

Қосымша сұрақ

C12. Қазіргі таңда халық санағын жүргізгенде қандай мәселелер кездеседі?

Халық санының көптігі, кейде халық санағына байланысты мәліметтерді жинауда қиындық тудыруы мүмкін. Үндістанда да, Қытайда да 1 миллиардтан астам адам өмір сүреді, сонымен қатар, бұл жағдай мигранттар мен қоныстанған диаспоралардың санының көптігімен де қиындықтар туғызады.

Кейбір тұрғындар өздерінің “анықталуын” және санаққа енуін қаламайды, нәтижесінде жалпы халық саны дәл есептелмейді. Әрине, санақтың соңғы нәтижесін шығарғанға дейін, мәліметтер өзгеріп кетуі мүмкін, себебі халық санағын ұйымдастыруға бірнеше жылдар кетуі мүмкін. Халық санағы санақ жүргізілген уақыттағы халықтың “бейнесі” тәріздес.

2011 жылы Ұлыбританиядағы халық санағын жүргізу үшін 500 млн. фунт стерлинг ақша кетті, он мыңдаған қосымша жұмысшылар жұмысқа алынды, форма әрбір адамға түсінікті болу үшін 56 тілге аударылды.

Қосымша сұрақтар**C13. Санақ мәліметтері не үшін қажет?**

Жеке адамдарды анықтауға болатын мәліметтер құпия түрде кемінде 100 жыл сақталуы тиіс. Өзге мәліметтер үдерістерді анықтап, келесі онжылдық пен болашаққа жоспар жасау үшін қолданылады. Тұрғын үй қоры, мұғалімдерді дайындау, инфрақұрылымдар санын арттыру, денсаулық сақтау саласы санақта анықталған үдерістер, өткен санақпен салыстырулар бойынша қаржыландырылады. Сондықтан бұл мәліметтердің құны жоғары.

C14. Келесі санақ қандай болмақ?

Халық санағы болашақта өзгеруі мүмкін. Соңғы санақ Ұлыбритания мен АҚШ үшін қымбатқа түсті, сондықтан санақтар арасындағы уақыт ұзартылуы мүмкін. Санақтың құны мен дәлдігі жөніндегі күмәндарға байланысты тоқтаусыз “есеп” жүргізетін немесе аз ғана пункттерді қамтитын балама санақ түрлері жасалуы мүмкін. Онлайн технологияларды қолдану деңгейінің артуы халық санағы процесін жеңілдетуге өз үлесін қосуы мүмкін.

3-бөлім: Туризм**• Туризм дегеніміз не?**

Туризм индустрия болып табылады. Ол демалыстағы адамдарға транспорт, тұрғын үй, демалыс шаралары, сувенирлер, тамақ және ойын-сауық сияқты қызметтер түрін көрсетеді. Осы себептерге баланысты, ол – қалалар мен ауылдардың көпшілігі үшін негізгі жұмыс көзі. Мұнда ұзақ мерзімдік немесе бір күндік келушілер болады. Туристер демалып, өздерінің күнделікті өмірінен “қашып құтылуға” тырысады, сондықтан әдеттегіден қарағанда көбірек ақша жұмсайды. Туризмге сүйенетін қалалар үшін “маусымның” жақсы болуы өте маңызды. Кейбір жерлер үшін ыстық, күншақты ауа райының болуы, ал кейбірі үшін қардың қалың түсуі маңызды. Туризм әлемдегі ең үлкен жұмыс беруші болып саналады. Шетелге саяхаттың құны салыстырмалы түрде төмендеп, ұшақ билеттері арзандаған.

Қосымша сұрақ**C15. Сіз қашан “туристке” айналасыз?**

Туризм, әдетте, үйіңізден алыс жерге саяхаттау дегенді білдіреді. Бұл, тіпті, бір түнге ғана созылуы мүмкін, алайда көбінесе ең аз дегенде үш, төрт күнді қамтиды. Туризм, оның ішінде шетелге саяхаттар соңғы он жылда жылдам дамыды, жұмыстан демалыс алу, тіпті оның төленуі көптеген елдерге өзгерістер алып келді. Әлемдік туристік ұйым “демалыс, бизнес және басқа да мақсаттарда бір жылдан артық емес уақытқа әдеткі ортадан тыс басқа жерге саяхат жасап, онда тоқтау” деген анықтама берген. Әрине, егер сіз бір жылдай басқа жерде тұрсаңыз, мигрант болуыңыз да мүмкін екендігін еске саламыз, бұл келіп отырған елдегі визаңызға байланысты анықталады.



Жылына 7 миллионнан астам турист Гавай аралдарына келеді

• Ұсынылатын фильм

- Батлердің туристік моделі

Қосымша сұрақтар

C16. Әлемде қанша турист бар?


Туристердің санын анықтау қиын, себебі бұл – жаһандық құбылыс. Дамыған елдердегі адамдардың көпшілігі жылына кем дегенде бір рет үйлерінен алыста болады деп пайымдауға әбден болады, алайда бұл халықтың барлық тобына қатысты емес. Көптеген жылдар бойы туристердің көпшілігі Еуропадан (әсіресе Германиядан) және АҚШ-тан келген. 2020 жылға қарай ең көп турист Қытай елінен келеді деп күтілуде, көптеген мемлекеттер оларды және олардың жұмсайтын ақшасын өздеріне тарту үшін қызу іске кірісіп кеткен.

C17. Ел үшін туризмнің маңыздылығы қандай?

Көптеген елдер оларға келетін адамдардың арқасында миллиардтаған фунт стерлинг табуда. Туризм кейбір жағдайларда экономикадағы негізгі ақша көзі болуы мүмкін. Туристер өздері келетін елдің қауіпсіз болуын қалайды, сондықтан кез-келген террорлық оқиға экономикаға үлкен зиян келтіруі мүмкін. Сомалимен шекарадағы аймақтан туристердің ұрлануы Кенияға өз әсерін тигізді. Францияға жылына 80 миллиондай адам келеді, оның 5 миллионға жуығы Эйфель мұнарасына шығады. Француздық туризм индустриясы туристердің келуін ынталандыру үшін көп еңбек етуі тиіс.

• Туристер өздері келген жерге қалай әсер етеді?

ДИАГРАММА 03:



Адамдар демалыста болған кезде, өздерінің үйлеріндегідей емес, өзгеше қылық танытады. Олар өздері білмейтін жерлерге саяхат жасайды, сәйкесінше жергілікті салттарды (не істеуге болады, не болмайды деп есептелетінін) ұстанбайды. Бұл кейбір елдерде мәселелер тудыруы мүмкін, мәселен, туристер көбінесе діни орындарда сәйкес емес киім киіп жүреді.

Кениядағы масаи тайпасының дәстүрлері туризмнің әсерінен қауіп үстінде тұр, оларды ақша көзіне айналдырып жіберген. Туризм жергілікті мәдениет пен адамдардың құнын түсіріп жіберуі мүмкін, оларға жоғарыдан төмен қарап, ойын-сауықтың бір бөлігі ретінде қарауы да ықтимал.

Географ Ричард Батлер туристік курорттың өмірлік циклін бейнелейтін модель жасап шығарды. Модель курорт ашылған сәтте өсу мен даму кезеңдерін өткізіп, кейін инвестиция мен модернизация әсерінен қайта “жасармаса”, құлдырауы мүмкін деп көрсетеді. Ұлыбританиядағы Блэкпул атты теңіз жағасындағы қалашық өзінің 50-ші және 60-шы жылдардағы өсуінен кейін, әлі күнге дейін өзіне келушілерді көп тартады.

• Ұсынылатын фильмдер

- Гавай аралдары: Туризмнің ықпалы
- Туристердің жаппай келуі: Зерттеу
- Батлердің туристік моделі

Кейбір адамдар бір курортқа жылдар бойы қайта-қайта келгенді ұнатады, ал басқалары жаңа жерді көруге ұмтылады. Туристік жерлердің бағы өзара алмасып отырады, олардың өзіндік мәселелері мен пайдалы жақтары да болады.

Қосымша сұрақтар

С18. Туризмнің оң әсерлері қандай?

Туризм көп жұмыс орындарын ашады, олардың кейбірі маусымдық жұмыстар болады да, туристер ең көп келетін бірнеше апта не айларда ғана ұсынылады. Кейбір курорттар әртараптандыру әсерінен маусымды созуға тырысады: тау шаңғысы курорты жазда тауға саяхат жасауды ұсынуы мүмкін, көтергіштерді қалдырып, биік шыңдарға шығуға мүмкіндік жасалынады. Туризмнен түскен ақша жергілікті экономика мен оның дүкендері, бизнестері арқылы көбейтілуі мүмкін. Туристерге арнап жасалған құралдар мен инфрақұрылымдар жергілікті халық үшін де пайдалы. Түскен ақша мәдени мұраларды жақсы күйде сақтап, жергілікті пейзажды қорғауда ұстауға мүмкіндік береді.

С19. Туризмнің теріс әсерлері қандай?

Туризм туристер келетін жерлерде мәселелер тудыруы мүмкін, туристер көбінесе қысқа уақыт ішінде халық санын көбейтіп, инфрақұрылымдарға асыра қысым түсіруі мүмкін. Теріс әсерлеріне қоқыс пен түнге дейінгі шуды жатқызуға болады. Клубтағы музыка тұрғындарды шаршатуы, көлік қоятын жердің болмауы мен дүкендерде кезек күту де қиындық туғызуы мүмкін. Кейбір қалалар үйлену тойы қарсаңында келетін бір жынысқа жататын топтардың санын шектеуді бастаған, олар мұны жағымсыз оқиғалар саны артқандықтан, және бассыздықтардың алдын алу үшін істеуде.

С20. Туристі “тартушы магнит” дегеніміз не?

Өте танымал және туристерді көп қызықтыратын орындарды туристерді “тартушы магниттер” деп атайды. Ұлттық саябақта тарихи, мәдени және физикалық мұралар ең көп орналасқан бір жер болуы мүмкін, сондықтан бұл жерге көп турист жиналады. Бұл жерлер адамға лық толы болып, кептеліс тәрізді мәселелер туындауы мүмкін. Бұл аймақтағы тұрғын үйдің құны да жоғары болады, бұл жергілікті адамдардың ата-аналарының үйін тастап шыққаннан кейін, өз аймақтарында тұруға жағдайы жетпейді дегенді білдіреді. Йеллоустон Ұлттық саябағындағы Олд Фейзфул мен Йосемитадағы Халф Доум – туристер өте көп келетін танымал жерлер.

• Туризм әлемді қалай өзгертті?

Өткен ғасырдың бірінші жартысына дейін адамдардың көпшілігі үшін демалыс күндері бірнеше күнге ғана созылатын, және олар бұл күндерді үйлеріне жақын жерлерде өткізуге тырысатын. Англия мен Уэльстің ұлттық саябақтары 1951 жылдары ашылды, олар аймақтарды көрші өнеркәсіптік қалалардан келушілерден қорғау сияқты себептер үшін жасалған болатын. Келушілерге жердің живописік мәнін көрсету үшін ландшафтты жер-жерде қорғай бастады. Рим сияқты кейбір қалаларда ғасырлық тарихы бар құрылыстар заманауи ғимараттардың жанында тұр. Туризм біздің әлемге деген көзқарасымызды өзгертті. “Барлығы есептелген” демалыс курорттарына байланысты біраз мәселелер бар, олар адамдарды курорттан тыс жерге шығуға ынталандырмайды. Нәтижесінде адам “Кариб теңізіндегі” демалыстан оралса да, ол жердің қоршаған ортасы қандай екендігі туралы ештеңе білмеуі мүмкін.

Туризм миллиондаған адамға жаңа жұмыс орындарын ашты, алайда туризмнің әсерінен қоршаған ортаның жағдайы да нашарлауда. Қоршаған ортаның бұзылуы түрлі формаларда көрінеді: су астындағы маржанды жартастардың зақымдануы, қонақүйлер мен отын үшін ормандардың жойылуы, нашар не лас сумен қамтамасыз етілу, тау аймақтарының арасымен жаңа жолдардың салынуы. Қылмыс тәрізді әлеуметтік мәселелер де кейбір жерлерде кең белең алған.

Қолжетімді транспорт түрлері, оның ішінде арзан рейстер ұсынатын әуе компанияларының санының артуы, әсіресе батыстағы адамдардың алысқа және жиірек саяхат жасап, жердің екінші бір бөлігінде демалысын өткізуге мүмкіндік беруде.



**Қолжетімді транспорт түрлері
әлемнің басқа бөлігінде демалуға
мүмкіндік берді**

• Ұсынылатын фильмдер

- Гавай аралдары: Туризмнің ықпалы
- Туристердің жаппай келуі: Зерттеу

Қосымша сұрақтар

C21. Демалыс пакеті дегеніміз не және неліктен олардың танымалдығы төмендеуде?

Демалыстар пакеті – нақты бір компаниядан тұратын жер, транспорт, сақтандыру және т.б. қызметтерді бір “пакетпен” сатып алу. Бұл демалысты оңай әрі ұйымдасқан түрге келтіреді, алайда кейбір саяхатшылар ұнататын икемділігі аз болады. Интернет пен қымбат емес авиаконпаниялардың көбеюі адамдарға демалыстарын өздері ұйымдастыра алатындай мүмкіндіктер беруде.

C22. Қай аймақтарда туризм жақсы дамуы мүмкін?

Жаңа туристер көп шығатын бірден-бір ел Қытай болар. Қытай халқының табысы артқан сайын, оның тұрғындары өз шекараларының арғы жағындағы әлемді көруге құмартады. Шытырман оқиғалы туризм танымал болып келеді, Жаңа Зеландия тәрізді жерлерге келетін туристердің саны арта түседі деп күтілуде. Туристер өздері де мәселелердің бір бөлігі екенін ұмытып, “туризм” әсерінен “бұзылмаған” жерлерге немесе басқа адамдар болмаған жерлерге барғанды ұнатады.

• Ұсынылатын жаттығу

– Оқушыларға Тарас Грескудың “Соңы басқа жақта” атты кітабын оқуды тапсырыңыз. Бұл кітапта ол әлемнің барлық жерде “бірдей” бола түскені жайлы жазған. Оқушылар автормен келісе ме, келіспей ме, әлемдегі курорттардың арасында әлі де айырмашылық бар деп ойлай ма, соны сұраңыз.

• Экотуризм дегеніміз не?



Туризм қоршаған ортаға үлкен әсерін тигізеді

Туризмде дамып келе жатқан үрдістердің бірі – экотуризмнің дамуы. Кейбір адамдар мұны мүмкін емес концепция деп есептейді; демалысқа қайда барсақ та, қаншалықты мұқият болсақ та ғаламшарға міндетті түрде өз зиянымызды тигіземіз деп ойлайды. Мәселен, халықаралық рейстер біздің автокөліктер бір жылда шығаратын парниктік газдан көп парниктік газдар шығарады. Экотуризм немесе экологиялық туризм кішкентай қорғалатын территорияға саяхат жасауды қамтиды және тигізер зияны мен масштабын мүмкіндігінше аз қылуға тырысады. Мәселен, көліктері көп, адам ең көп баратын қорықтағы үлкен қонақүйде тұрғаннан гөрі, аса танымал емес қорықта шағын топтармен шатыр тігіп тұруға тырысады.

• Ұсынылатын жаттығу

– Оқушыларға дәстүрлі демалыстарды экологиялық “жасыл” ететін “экотуризмдік қайта ауыстыру жинағын” жасауды тапсырыңыз. Мұны сұрақ қоятын блок-сызба түрінде де жасауға болады, мәселен “демалысқа ұшақпен барасыз ба?” деген сұрақ қойылып, оған “иә” деп жауап берілсе, транспорттың балама түрін ұсынуға болады.

• Ұсынылатын фильм

- Намибия: Экотуризм

Қосымша сұрақ

C23. Экотуризм қай жерлерде дамытылып келеді?

Экотуризм көп жерлерде балама түрінде дамытылуда. Кейбір экотуризмдік курорттар туристерге “азырақ” ұсынылғандығына қарамастан қымбатырақ тұрады. Бұлардың басты айырмашылықтары – ландшафт пен жергілікті халыққа тигізер әсері мен туристердің алар тәжірибесінде. Олар көбінесе шағын топтармен жүреді және түрлі стильдегі тұрғын үйлерді таңдай алады. Туристер жергілікті халыққа жақсы әсер қалдырып, олармен байланысқа түседі, бұл қарым-қатынастардың өзгеруі – экотуризмнің басты артықшылықтарының бірі. Жергілікті халық импортталған өнімдерден емес жергілікті өнімнен тағам әзірлейді және бұл жерлерде ойын-сауық та жақсырақ. Коста-Рика, Кения және Канада тәрізді елдер – экотуризмнің танымал орындары.

С24. Дәстүрлі демалыстарды қалайша экологиялық зиянсыз етіп өткізуге болады?

Демалысты экологиялық таза етудің бір жолы – демалыс орнына дейін баруға кеткен көміртегі эмиссиясына өтемақы төлеу. Мұны ұшу сапарлары тудыратын ластануды азайту үшін отырғызылатын ағаштарға ақша төлеу арқылы өтеуге болады. Жаяу немесе велосипедпен жүру – демалыс кезіндегі экологиялық жағынан ең таза жолдардың бірі, егер бұлай істеу мүмкін болмаса, автокөлік жалдағанша, қоғамдық көліктерге мінгеніңіз жөн.

Туристік компаниялар демалыстың экологиялық жағынан таза болуында маңызды рөл атқарады. Экотуризм демалыстарымен айналысатын компаниялар табиғатты сақтау қорларын да ұсынады. Шын мәнінде, туристер белгілі бір жобаларда жұмыс істегісі келсе, оған төлей алады (алайда бұл жергілікті халықтың жұмыс орындарын тартып алу емес пе деген сұрақ туындайды). Экотуризм демалыстары жергілікті қауымдардың экономикалық дамуына тікелей әсер етіп, олардың саяси құқықтарын арттыруға жағдай жасайды. Сонымен бірге, ол түрлі мәдениеттерді сыйлауға, жергілікті салттарды сақтауға көмектеседі. Демалысты экологиялық таза етуге тырысқан кезде тұрғын үйді таңдау да маңызды. Қайта өңделетін, экологиялық таза энергия көздерін қолданатын жерлерді іздеңіз.



**Намибияның өзіне тартар тұсы –
оның жабайы табиғаты**

• Тест

Санақ: Халық санағы

Негізгі

• Санақ дегеніміз не?

- A – туу және өлім деңгейлерін бақылайтын зерттеу
- B – бүкіл халықты зерттеу, қызметтер көрсетуді жоспарлауда қолданылады
- C – жұмыс істеуге қабілетті жастағы халықты зерттеу, жалпы ішкі өнімді есептеу үшін қолданылады
- D – бүкіл халықты зерттеу, халықтың өсуін бақылауда қолданылады

• Санақ қаншалықты жиі жүргізіледі?

- A – жыл сайын
- B – 5 жыл сайын
- C – 10 жыл сайын
- D – 15 жыл сайын

• Санақтар неліктен тұрақты түрде жүргізіледі?

- A – себебі халық саны өсуде
- B – себебі мәліметтер жылдам ескіруде
- C – себебі жұмыссыздық деңгейі артуда
- D – себебі елдер бай бола түсуде

Тереңдетілген

• Үкімет неліктен санақ жүргізеді?

- A – адамдардың салық төлеуін тексеру үшін
- B – халықтың өсуін бақылау үшін
- C – сауаттылық деңгейін анықтау үшін
- D – халықты бақылап, оның қажеттіліктеріне жауап беру үшін

• Санақ арқылы қандай мәліметтер

- A – демографиялық мәліметтер
- B – сейсмикалық мәліметтер
- C – биологиялық мәліметтер
- D – геологиялық мәліметтер

• Дамыған елдерде әдетте санақтан кімдер тыс қалады?

- A – жұмыс істемейтін қарт адамдар
- B – балалар мен жастар
- C – бай адамдар
- D – босқындар мен заңсыз жерлерде тұрушылар

Санақ: Халық санағы

Негізгі

• Неліктен кейде дамыған елдерде санақ жүргізу қиындық туғызады?

A – себебі соғыстар мен жанжалдар халықтың болжанбаған қозғалыстарын тудырады

B – себебі сауаттылық деңгейі төмендеуде

C – себебі адамдар алыс немесе тығыз қоныстанған жерде өмір сүреді

D – жоғарыдағылардың барлығы

Тереңдетілген

• Санақтың стандартты құрылымының негізгі пайдасы қандай?

A – қанша адам туылғанын көре аласыз

B – бірнеше онжылдықтар бойы елдің өртүрлі бөліктерін салыстыра аласыз

C – адамдар сауалнаманы қалай толтыру керек екендігін түсіну үшін

D – себебі бірдей негізгі сұрақтарды қолдану арзан

Әлемдегі қоныстану: Миграция

Негізгі

• Бүгінгі таңда мигранттар саны ...

A – мыңдаған жылдар бойы өзгеріссіз болып тұрды

B – бұрынғыдан әлдеқайда аз

C – бұрын-соңды соншалықты көп болмаған

D – 200 жыл бұрынғы көрсеткіштен кішкене аз

• Эмиграция –

A – басқа елді қоныстау үшін өз елін тастап кету

B – елдің басқа бөлігін қоныстау үшін бір бөлігін тастап кету

C – құрлықтар бойынша көшу

D – соғыстың кесірінен елді тастап кету

• Мәжбүрлі түрде миграцияға ұшырағандар –

A – мигранттар

B – эмигранттар

C – “саяси баспана” іздеушілер

D – босқындар

Тереңдетілген

• Әлем халқы әр күн сайын қанша адамға өсуде?

A – 150 000

B – 100 000

C – 200 000

D – 250 000

• Қандай ұғым табысқа байланысты болатын миграцияны сипаттайды?

A – демографиялық миграция

B – экономикалық миграция

C – географиялық миграция

D – қаржылық миграция

• Босқындар деген кімдер?

A – миграцияға ұшыраған адамдар

B – көбірек жалақы үшін миграцияға ұшыраған адамдар

C – АҚШ-қа немесе Ұлыбританияға көшкен адамдар

D – мәжбүрлі түрде миграцияға ұшырағандар

Әлемдегі қоныстану: Миграция

Негізгі

• Миграцияға ең көп ұшырататын қандай фактор?

- A – соғыс
- B – табиғи апаттар
- C – экологиялық факторлар
- D – жалақының аздығы

Тереңдетілген

• Мәжбүрлі миграцияның себептері?

- A – аштық
- B – соғыс және саяси қуғын
- C – құрғақшылық
- D – жоғарыдағылардың бәрі

• Жауаптар

Санақ: Халық санағы

Негізгі

• Санақ дегеніміз не?

A – туу және өлім деңгейлерін бақылайтын зерттеу

B – бүкіл халықты зерттеу, қызметтер көрсетуді жоспарлауда қолданылады

C – жұмыс істеуге қабілетті жастағы халықты зерттеу, жалпы ішкі өнімді есептеу үшін қолданылады

D – бүкіл халықты зерттеу, халықтың өсуін бақылауда қолданылады

• Санақ қаншалықты жиі жүргізіледі?

A – жыл сайын

B – 5 жыл сайын

C – 10 жыл сайын

D – 15 жыл сайын

• Санақтар неліктен тұрақты түрде жүргізіледі?

A – себебі халық саны өсуде

B – себебі мәліметтер жылдам ескіруде

C – себебі жұмыссыздық деңгейі артуда

D – себебі елдер бай бола түсуде

Тереңдетілген

• Үкімет неліктен санақ жүргізеді?

A – адамдардың салық төлеуін тексеру үшін

B – халықтың өсуін бақылау үшін

C – сауаттылық деңгейін анықтау үшін

D – халықты бақылап, оның қажеттіліктеріне жауап беру үшін

• Санақ арқылы қандай мәліметтер жиналады?

A – демографиялық мәліметтер

B – сейсмикалық мәліметтер

C – биологиялық мәліметтер

D – геологиялық мәліметтер

• Дамыған елдерде әдетте санақтан кімдер тыс қалады?

A – жұмыс істемейтін қарт адамдар

B – балалар мен жастар

C – бай адамдар

D – босқындар мен заңсыз жерлерде тұрушылар

Санақ: Халық санағы

Негізгі

• Неліктен кейде дамыған елдерде санақ жүргізу қиындық туғызады?

A – себебі соғыстар мен жанжалдар халықтың болжанбаған қозғалыстарын тудырады

B – себебі сауаттылық деңгейі төмендеуде

C – себебі адамдар алыс немесе тығыз қоныстанған жерде өмір сүреді

D – жоғарыдағылардың барлығы

Тереңдетілген

• Санақтың стандартты құрылымының негізгі пайдасы қандай?

A – қанша адам туылғанын көре аласыз

B – бірнеше онжылдықтар бойы елдің әртүрлі бөліктерін салыстыра аласыз

C – адамдар сауалнаманы қалай толтыру керек екендігін түсіну үшін

D – себебі бірдей негізгі сұрақтарды қолдану арзан

Әлемдегі қоныстану: Миграция

Негізгі

• Бүгінгі таңда мигранттар саны ...

A – мыңдаған жылдар бойы өзгеріссіз болып тұрды

B – бұрынғыдан әлдеқайда аз

C – бұрын-соңды соншалықты көп болмаған

D – 200 жыл бұрынғы көрсеткіштен кішкене аз

• Эмиграция –

A – басқа елді қоныстау үшін өз елін тастап кету

B – елдің басқа бөлігін қоныстау үшін бір бөлігін тастап кету

C – құрлықтар бойынша көшу

D – соғыстың кесірінен елді тастап кету

• Мәжбүрлі түрде миграцияға ұшырағандар –

A – мигранттар

B – эмигранттар

C – “саяси баспана” іздеушілер

D – босқындар

Тереңдетілген

• Әлем халқы әр күн сайын қанша адамға өсуде?

A – 150 000

B – 100 000

C – 200 000

D – 250 000

• Қандай ұғым табысқа байланысты болатын миграцияны сипаттайды?

A – демографиялық миграция

B – экономикалық миграция

C – географиялық миграция

D – қаржылық миграция

• Босқындар деген кімдер?

A – миграцияға ұшыраған адамдар

B – көбірек жалақы үшін миграцияға ұшыраған адамдар

C – АҚШ-қа немесе Ұлыбританияға көшкен адамдар

D – мәжбүрлі түрде миграцияға ұшырағандар

Әлемдегі қоныстану: Миграция

Негізгі

• Миграцияға ең көп ұшырататын қандай фактор?

A – соғыс

B – табиғи апаттар

C – экологиялық факторлар

D – жалақының аздығы

Тереңдетілген

• Мәжбүрлі миграцияның себептері?

A – аштық

B – соғыс және саяси қуғын

C – құрғақшылық

D – жоғарыдағылардың бәрі